

## Қызылорда облысындағы су тасқынына қарсы жұмыстарды жүргізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 29 сәуірдегі N 392

Сырдария өзенінде 1998 жылғы қатты су тасқынының зардаптарын жоюға және елді мекендерді, шаруашылық объектілерін бұдан әрі мүмкін болатын су басуын болдырмауға байланысты шараларды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыру үшін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан Сырдария өзенінің арнасы бойындағы су тасқынына қарсы жұмыстарды жүргізуге Қызылорда облысының әкіміне 20 млн. теңге бөлінсін.

2. Қызылорда облысының әкімі 1998 жылғы тасқынға қарсы жұмыстардың орындалу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетіне хабарласын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі